

Тестілеу рәсімдерін және мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған бірыңғай дерекқордың (ақпараттық жүйенің) үздіксіз жұмыс істеуін техникалық қамтамасыз ету жөніндегі операторды айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 14 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 789 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.09.2023 № 789 (31.12.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 18-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы тестілеу рәсімдерін және мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған бірыңғай дерекқордың (ақпараттық жүйенің) үздіксіз жұмыс істеуін техникалық қамтамасыз ету жөніндегі оператор болып айқындалсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин